

**2020-2022 жылдарға арналған  
Тамды ауылдық округ  
бюджетін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2020-2022 жылдарға арналған Тамды ауылдық округ бюджеті 1,2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мына көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 70 457 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер – 4705 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 65 687 мың теңге;

2) шығындар – 70 457 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы – 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 0 мың теңге.

2. Тамды ауылдық округ бюджетінің кірісіне есептелетіндігі ескерілсін:  
жеке табыс салығы;

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салық;

салықтық емес түсімдер.

3 Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

4. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілген субвенция көлемі 65 687 мың теңге сомасында көзделді.

5. «Алға аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Алға аудандық мәслихат**  
**сессиясының төрағасы**  
**М.Муратбаев**

**Алға аудандық мәслихатының**  
**хатшысы**  
**Б.Жұмабаев**